

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



*Құрметті қонақтар және конференцияға қатысушылар!
Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына,
Р.Т. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының 25 жылдығына арналған
«Қазақстан және Шығыс әлемі: өткені, бүгіні және болашағы»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияға қош келдіңіздер!*

Біз бүгін қазақстандық шығыстанудың өзекті мәселелерін талқылау, Қазақстан мен Шығыс елдері арасындағы қарым-қатынастың тарихын терең саралау, сонымен қатар қазіргі жаһандану жағдайындағы ынтымақтастық пен татулықты нығайту мақсатын қарастыру үшін бас қосып отырмыз.

Қазақстандық шығыстану – әрі көне, әрі жас ғылым. Әбу-Насыр әл-Фараби, Мұхаммед Хайдар Дулати, Махмұд Қашқари сияқты Шығыстың ұлы ойшылдары ежелгі Қазақстан жерінде дүниеге келіп, бізге мол мұра қалдырды. Шоқан Уәлихановтан шығыстанудың жаңа заманы басталды.

Қазіргі қазақстандық шығыстану ғылымы ҚР Жоғары Мектеп Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, көрнекті арабтанушы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Шығыстану факультеті құрылуының бастауында тұрған және оның алғашқы деканы болған ғалым, ұлағатты ұстаз Әбсаттар Бағысбайұлы Дербісалиевтің есімімен тікелей байланысты. Мұнан бөлек Қазақстан мәдениеттануы мен отандық шығыстанушылардың ғылыми мектебінің негізін қалаушы, академик Сүлейменов Рамазан Бимаиұлының есімімен бүгінде Шығыстану институты аталып отыр.

Қазақстандық шығыстанушы ғалымдар Ұлы даланың Шығыстың әртүрлі аймақтарымен байланысының тың тарихын зерттеп, қалпына келтіруде. Зерттеуші ғалымдар Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған 30 жылдың ішінде әлемнің көптеген елдерімен қарым-қатынасына талдау жасай алды.

Түркия Қазақстанның егемендігін мойындаған бірінші мемлекеті болды, дәл сол тарихи күні 1991 жылы 16 желтоқсанда тұңғыш Президент, Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңға қол қойды. Түркия түркі әлемінің өкілетті елі ретінде Қазақстанның және қазақтардың – бауырлас түркі халқының тәуелсіздік алуын асыға күтті. Егеменді Қазақстан Республикасының құрылуы түркі әлемінің – тілдері, мәдениеті, рухани құндылықтары мен конфессиялары ортақ туысқан елдер одағының қалыптасуында үлкен маңызға ие болды.

Түркиядан кейін Ресей, Иран, Швейцария, АҚШ, Аустралия, Бразилия, Венгрия, Корея Республикасы, Жапония және Еуропа мен Азияның басқа да елдері Қазақстанды егеменді мемлекет ретінде мойындайтындарын жариялады. Бүгінгі таңда Тәуелсіз Қазақстан дүние жүзіндегі мемлекеттердің басым көпшілігімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы, егемендігі, бөлінбейтіндігі және аумағының тұтастығы бүкіл әлемде жалпы қабылданған. Қытаймен мемлекеттік шекараны делимитациялау ел басшылығының, дипломаттардың, шығыстанушы ғалымдардың табысы болып табылады. Еуразияның дәл ортасында, континенттер мен өркениеттердің тоғысқан жерінде орналасқан Қазақстан бірегей геосаяси жағдайға ие және Батыс пен Шығысты біріктіреді. Демек, қазақстандық шығыстану қазіргі жаһандану үдерістерінің сын-қатерлеріне жауап беруі тиіс.

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан Республикасының көпвекторлы сыртқы саясатының негізін қалады, оны жүзеге асыру барысында біздің Республика Батыста да, Шығыста да мойындалып, беделге ие болды. ЕҚЫҰ мен Ислам Конференциясы Ұйымына төрағалық ету ТМД елдерінің ішінде бірінші Қазақстанға тапсырылды. Бүгінде Қазақстан Азияның бірқатар елдерімен стратегиялық серіктестік құрып отыр. Қазақстан сыртқы саясатының көпвекторлылығы дүние жүзінің: батыс пен шығыс немесе солтүстік пен оңтүстік бағыттарымен ғана емес, әртүрлі аймақтармен ынтымақтастығы негізінде айқындалады. Қазақстан Таяу және Қиыр Шығыс, Орталық және Оңтүстік Шығыс Азия елдерімен жақсы және өзара тиімді қарым-қатынас орнатты. Қазақстанның аймақтық көшбасшылардың бірі ретінде танылуын отандық шығыстанушылар өз еңбектерінде айқын көрсетеді.

XX ғасырдың соңы – XXI ғасырдың басындағы Шығыс елдеріндегі іргелі өзгерістер, «Азия жолбарыстарының» экономикалық гажайыптары, «Ислам ренессансы» – осы факторлардың барлығы жастардың шығыс тілдерін, Шығыс елдерінің тарихын, саясатын, экономикасын, мәдениетін және әдебиетін оқуға деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Бүгінде қазақстандық шығыстану саласы даму мен ілгерілеу жолында жүріп келеді.

Қорытындылай келе, конференцияға қатысушылардың барлығын Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының 25 жылдығымен және Отанымыздың тәуелсіздігінің 30 жылдығымен құттықтаймын. Институт ұжымына шығыстану ғылымы мен шығыстану білімін біріктіру, шығыстанушы мамандардың жаңа буынын дайындау және соның аясында тың жаңалықтар ашу мақсатында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультетінің әріптестерімен алдағы уақытта да табысты және жемісті еңбек етулеріңізді тілеймін.

Шығыстанушылардың жаңа ұрпағын дайындау және әлемдік шығыстану мен азиятану аясында тың жаңалықтар ашады деген сенімдемін.

Ізгі ниетпен,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Басқарма Төрағасы - Ректор



Ж.Қ. Түймебаев